## Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1540 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2015 № 112 қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 62 -бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1540 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

### 1-бөлім. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы – қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру.

Пайымы – заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып және

статистика саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кәсіби статистикалық қызмет.

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті қызмет салаларының (аяларының) даму үрдістері

1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту.

1. Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Қазіргі уақытта Қазақстанның статистика жүйесі өз дамуының сапалы жаңа кезеңінде, одан әрі сәтті қызмет етуі үшін негіз құруға бағытталған бірқатар іс-шаралар атқарылды.

Мәселен, БҰҰ ЕЭК халықаралық сарапшыларының мемлекеттік статистика жүйесіне жүргізген екінші Жаһандық бағалауына сәйкес Қазақстанның ұлттық статистика жүйесі Орталық Азиядағы және Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі ең жоғары дамыған статистика жүйелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі статистикалық әдіснаманы жетілдіру болып табылады, оның шеңберінде ағымдағы жылы 2008 жылдың ұлттық шоттар жүйесі (бұдан әрі – ҰШЖ-2008) және салалық статистика бойынша қолданыстағы әдістемелерді қайта қарау және жаңа 11 әдістемелік ереже мен әдістемені әзірлеу жоспарлануда.

Есеп берген респонденттерді қамтуға тікелей байланысты сапалы статистикалық деректерді жинау үдерісі де аса маңызды болып табылады. Сапалы және толық қамту үшін респонденттермен жұмысты одан әрі жетілдіру қажет.

Айталық, 2013 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша статистикалық бизнес-тіркелімде 337 мыңнан астам тіркелген заңды тұлғалар бар, соның ішінде алғашқы статистикалық деректерді тапсыру кезінде әлеуетті респонденттер болып табылатын 180 мыңнан астам заңды тұлға жұмыс істеп тұр.

Агенттіктің көптеген елдердің халықаралық статистика офистерімен белсенді ынтымақтастығы жалғасуда, статистиканың барлық салаларында халықаралық стандарттар табысты енгізілуде, сол үшін Дүниежүзілік Банкпен бірлесе «2012-2016 жылдарға арналған Қазақстанның ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жобаны» (бұдан әрі – ҚАЗСТАТ жобасы) іске асыру басталды.

ҚАЗСТАТ жобасының негізгі мақсаты пайдаланушыларды сапалы статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету және озық халықаралық тәжірибеге сәйкес Қазақстанның статистика жүйесінің тиімділігін арттыру.

ҚАЗСТАТ жобасы шеңберінде статистика жүйесін операциялық қамтамасыз ету және институционалдық ортасын жетілдіру, ақпараттық-коммуникациялық

жүйені және физикалық инфрақұрылымды жақсарту, кадрлық әлеуетті дамыту, статистикалық инфрақұрылымды, стандарттар мен әдіснамаларды жақсарту, пайдаланушылар және респондеттермен жұмысты жетілдіру және статистиканың нақты салаларында әдіснамаларды және тәжірибені жетілдіру сияқты іс-шараларды іске асыру көзделеді.

Деректерді жинау және өңдеудің заманауи тәсілдерін енгізу бөлігінде Агенттік ақпараттық инфрақұрылымды жетілдірді, 2011 жылдан бастап 2013 жыл аралығында статистикалық деректерді жинау, өңдеу және тарату процестерін автоматтандырудың жаңа деңгейін қамтамасыз ететін «е-Статистика » интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ИАЖ «е-Статистика») құру және енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Деректермен электрондық алмасуды қамтамасыз ету үшін «е-Статистика» ИАЖ 13 мемлекеттік органның 18 ақпараттық жүйесімен интеграциялау іске асырылды, олардың әкімшілік деректерін статистика органдары статистикалық ақпаратты түзуде қолдануы мүмкін.

2013 жылы респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында тәжірибелік пайдалануға 125 статистикалық нысанды электрондық форматта тәжірибелік пайдалануды енгізу жүзеге асырылды, бұл респонденттерге электрондық сандық қолтаңбаны қолдану арқылы статистикалық есепті электронды түрде тапсыруға мүмкіндік береді.

Статистикалық құралдардың сапасын арттыру және өзекті ету мақсатында 2013 жылдың Статистикалық жұмыстар жоспарына енгізілген 181 жалпымемлекеттік статистикалық нысан қайталануы, өзектілігі, толтыру күрделілігі, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарда нақты түсіндірмелер болу мәніне, халықаралық стандарттарға сәйкестігіне қарай қайта қаралды және жандандырылды.

Сонымен қатар әкімшілік есеп және есептілік нысандарын қысқарту жөніндегі Елбасының тапсырмасын орындау аясында Агенттікпен келісілген әкімшілік есеп және есептіліктің 1 411 нысанының 519-сі қысқартуға/оңтайландыруға ұсынылған.

Шет мемлекеттерде (Норвегия, Канада, Австралия) заңнамалық, технологиялық және ұйымдық деңгейлерде статистикалық көрсеткіштерді түзу үшін барлық әкімшілік дереккөздердің деректерін толық пайдалану қамтамасыз етілген, бұл да респонденттерге түсетін жүктемені төмендетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ашықтығын және халықтың ақпараттандырылуын арттыру, көрсетілетін қызметтің сапасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен Мемлекеттік көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде

көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметі енгізілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі – «АЕО» РМК) және оның облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша филиалдары көрсетеді.

Агенттік мемлекеттік статистикаға сенім деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыратын болады, 2018 жылға қарай статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың сенім деңгейін 80 % дәрежесінде сақтау жоспарлануда. Салыстыру үшін, 2010 жылда аталған көрсеткіш 72 %-ды, 2011 жылы – 79,6 %, 2012 жылы – 80 % құраған.

Агенттіктің статистикалық ақпаратын пайдаланушылардың санын көбейту мақсатында статистикалық ақпаратты тарату бөлігінде Агенттіктің интернет-сайты мен ақпараттық-талдамалық жүйесі жетілдірілді.

## 2. Негізгі проблемаларды талдау.

Десек те, соңғы жылдары байқалған оң өзгерістерге қарамастан, статистика саласында шешім қабылдауды талап ететін проблемалар бар:

1) мемлекеттік органдардың басқа мемлекеттік органдарда бар деректерді жеткілікті пайдаланбау есебінен респонденттерге түсетін едәуір жүктеме;

2) ресми статистикалық деректерге сенім деңгейінің және пайдаланушылардың қанағаттанушылық дәрежесінің жетіспеушілігі;

Сондай-ақ Агенттіктің ақпараттық инфрақұрылымы бойынша мәселелеріне келесіні жатқызу керек:

1) статистиканың аудандық бөлімшелерінде телекоммуникациялық инфрақұрылымның нашар дамуы;

2) Агенттік жариялайтын статистикалық ақпараттарды пайдаланушылардың жеткіліксіз қолдануы;

Басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен одан әрі өзара іс-қимыл және интеграция:

1) мемлекеттік органдармен жіктеуіштерді жүргізудің бірыңғай қағидатының болмауы;

2) ақпараттық жүйелердің интеграциясын қамтамасыз ететін деректермен алмасу стандарттарына сәйкес келмеуіне байланысты басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ақпарат алмасу мен интеграцияның жеткіліксіздігі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында статистикалық деректерді пайдаланған кезде деректерді қате түсіндіру мәселесі жиі байқалады, сондай-ақ кейбір басылымдарда Агенттік ақпараттың ресми көзі ретінде көрсетілмейді.

3. Қызметтердің реттелетін саласын дамытудың негізгі сыртқы және ішкі факторларын бағалау.

Қалыптасқан ахуал негізінде 2015 жылға дейінгі кезеңге макроэкономикалық статистиканы жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды:

1) Ұлттық шоттар жүйесі 2008 – жаңа халықаралық стандартын енгізу (ҰШЖ 2008);

2) ҰШЖ ішінде жекелеген есептер арасында салғастырымдылықты жоғарылату.

Нәтижесінде макроэкономикалық қана емес, сонымен қатар экономика салаларын дамыту құрылымы мен серпінін көрсететін салалық көрсеткіштердің сапаларын жоғарылату жоспарланады.

«е-Статистика» ИАЖ енгізу келесі ішкі және сыртқы факторлар есебінен ағымдағы және келешектегі сұраныстарға икемделуге қабілетті ақпараттық интеграциялық кеңістікті құруға және жүзеге асыруға мүмкіндік берді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін байланыстың қорғалған арналарын ұйымдастыру;

2) статистикалық есептілікті электронды түрде тапсыру мүмкіндігін ұсыну;

3) статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға (халыққа, бизнеске, қоғамдық ұйымдарға және мемлекеттік органдарға) «е-Статистика» ИАЖ қорларына кеңінен қатынауды ұсыну;

4) әкімшілік дереккөздерден деректер ала отырып респонденттерге жүктемені төмендету. Көптеген мемлекеттік органдарда қажетті деректер қазірдің өзінде бар. Бұл деректер статистикалық ақпаратты өңдеу және одан әрі қалыптастыру үшін Агенттіктің әкімшілік деректер қорында жинақталады. Сонымен қатар, әкімшілік дереккөздерден деректерді алу тіркелім жүйесінің өзекті көзі болып табылады;

5) «Метадеректер» ақпараттық жүйесі арқылы статистикалық үдерістерді орталықтандырылған басқару;

6) пайдаланушыға кесте, кескіндеме немесе картография түрінде қажетті көлемде ақпарат алуға мүмкіндік беретін ақпараттық-талдамалық жүйесі арқылы біріктірілген статистикалық деректерге рұқсат беру.

7) Осылайша, келесі сұрақтардың шешімі стратегиялық мақсаттарға жету үшін аса маңызды болып табылады:

8) статистикалық әдіснаманы одан әрі жетілдіру;

9) статистикалық өндірісте одан әрі пайдалану мақсатында әкімшілік дереккөздер деректеріне талдау өткізу;

10) әкімшілік дереккөздердің статистикалық жіктеуіштерді пайдалану және деректер қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібі бойынша Агенттіктің

талаптарын міндетті түрде сақтау;

11) статистикалық құралдарды әзірлеу және қалыптастырудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып, статистикалық байқаулар нысандарын одан әрі жетілдіру және жаңарту.

## 3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

## 3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту

1.1-мақсат. Экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру

Аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 002, 012

| Нысаналы индикатор (қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | есепті кезеңде | | | жоспарлы кезеңде | | | | |
| | | | Өлш. бірл. | 2012 жыл (есеп) | 2013 жыл (жоспар) | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2( ж |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 1( |
| 1 | Алдын-ала және есепті деректер бойынша ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | Жедел ақпарат | айырмашылықтар % | 4,5 | 4 | 3,5 | 3,0 | 2,8 | 2,6 | 2, |
| 2 | Әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | Жедел ақпарат | айырмашылықтар % | 4,5 | 4 | 3,5 | 3,0 | 2,8 | 2,6 | 2, |
| 3 | ҰШЖ 2008 халықаралық стандартының енгізілуі | Енгізілген әдістемелер санынан % | % | 58 | 79 | 93 | 100 | 100 | 100 | 1( |
| 4 | Ұлттық статистика жүйесін нығайту бойынша жобаның іске асыру дәрежесі | ҚАЗСТАТ жобасын іске асыру туралы есеп | Орындалған жұмыстың % | 6 | 30 | 55 | 75 | 100 | - | - |

1.1.1-міндет Статистикалық әдіснаманы және құралдарды жетілдіру

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2012 жыл (есеп) | 2013 жыл | Жоспарлы кезеңде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | 2008 жылғы ҰШЖ-ға сәйкес әзірленген әдістемелер саны | әдістеме | бірл. | 4 | 3 | 2 | 1 | - | - | - |
| 2 | Құрылымдық статистика бойынша әзірленген әдістемелердің саны | әдістеме | бірл. | 1 | 1 | 1 | 1 | - | - | - |
| 3 | Статистика салалары бойынша енгізілетін жаңа статистикалық байқаулар саны | байқау | бірл. | 1 | 5 | 2 | 2 | 1 | 1 | - |
| 4 | Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа статистикалық көрсеткіштердің саны | көрсеткіштер | бірл. | 35 | 22 | 10 | 10 | 2 | 8 | 3 |
| 5 | Ірі кәсіпорындар, сондай-ақ орта және шағын бизнес ұсынатын статистикалық нысандар санын азайту | Агенттіктің және/немесе мемлекеттік органдардың бұйрықтары | Есептің жалпы санының ( өсу ретімен) % | | 9 | 11 | 13 | 15 | 15 | 15 |
| 6 | Кәсіпорындардың статистикалық есептілік нысандарын толтыруға жұмсайтын уақытын қысқарту | ЖЕАҚ бағдарламалық кешені бойынша есеп | мин. | | 84 | 75 | 66 | 57 | 48 | 48 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | 2008 жылғы ҰШЖ-ға сәйкес жаңа әдістемелерді әзірлеу және қолданыстағы әдістемелерді қайта қарау | X | X | | | |
| 2 | Құрылымдық статистика бойынша қолданыстағы әдістемелерді әзірлеу және қайта қарау | X | X | | | |
| 3 | Салалық статистика бойынша жаңа әдіснамалық материалдарды әзірлеу және қолданыстағыларын қайта қарау | X | X | X | X | X |
| 4 | Жаңа статистикалық байқауларды енгізу | X | X | X | X | |
| 5 | Жаңа статистикалық көрсеткіштерді енгізу және қолда бар статистикалық көрсеткіштердің салғастырмалылығын арттыру | X | X | | X | X |
| 6 | Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде келісімшарт бойынша іс-шараларды орындау | X | X | X | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Төмендегілерді өзекті ету: | | | | | |
| 7.1 | экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші | | | | X | |
| 7.2 | экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің ұлттық жіктеуіші | | | | | X |
| 7.3 | негізгі қорлардың ұлттық жіктеуіші | X | | | | |
| 7.4 | әкімшілік-аумақтық объектілердің ұлттық жіктеуіші | X | | | | |
| 7.5 | Байқауларды жаппай әдістен іріктемелі әдіске ауыстыру | | X | X | X | |

1.2. мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 011

| Нысаналы индикатор (қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есепті кезеңде | | | Жоспарлы кезеңде | | | | |
| | | | Өлш. бірл. | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Әкімшілік дереккөздермен өзара іс-қимыл үдерістерін автоматтандыру деңгейі | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | % | 91 | 95 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |

1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2012 жыл (есеп) | 2013 жыл (жоспар) | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Статистикалық нысандардың электрондық форматта жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | Статистикалық есептілік нысандары (өсу ретімен), бірл. | 120 | 125 | 130 | 134 | - | - | - |
| 2 | Деректермен алмасу үшін Агенттіктің ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің саны | Өзара іс-қимыл сынағының хаттамасы | бірл. (жоспарлы кезеңнен бастап өсу ретімен) | 3 | 5 | 10 | 12 | 14 | 16 | 18 |
| 3 | Пайдаланушылар үшін статистикалық ақпараттың | | 2011 жылға %, статистикалық ақпаратты | 102,7 | 137,6 | 172 | 189,2 | | 2,2 есе | 2,4 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қолжетімділігін жоғарылату | Агенттіктің Интернет ресурсы | пайдаланушылардың өсуі | | | | | 2,1 есе | | |
| 4 | Он-лайн режимде респонденттерден қабылданған статистикалық нысандар саны | «е-Статистика» ИАЖ | бірлік | - | - | 15000 | 17000 | 19000 | 21000 | 23( |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мер: | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Статистикалық нысандарды электрондық форматта жүргізу | Х | Х | | | |
| 2 | Деректермен алмасу мақсатында интеграцияланатын мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен электрондық өзара іс-қимылды және интеграциялауды іске асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу | Х | Х | Х | Х | Х |

1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту

Аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 009

| Нысаналы индикатор ( қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Оның ішінде аралық мәнін көрсете отырып | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есепті кезеңде | | | Жоспарлы кезеңде | | | | |
| | | | Өлш. бірл. | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейі | Сауалнамалық пікіртерім | Пікірте рім жүргізілген респонденттердің жалпы санынан % | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасымен қанағаттану деңгейі | «АЕО» РМК есебі | % | | | 100 | 100 | 100 | 100 | 10( |
| 3 | «Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы» индикаторы бойынша БҒИ рейтингісіндегі айқындама | ДЭФ есебі | орын | 32 | 29 | 28 | 27 | 26 | 25 | 24 |
| 4 | «Мемлекеттік қызметшілер шешімдеріндегі фаворитизм» индикаторы бойынша БҒИ | ДЭФ есебі | орын | - | 77 | 76 | 75 | 74 | | 72 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | рейтингісіндегі айқындама | | | | | | | | 73 | |
| 5 | «Саясаткерлерге қоғамдық сенім» индикаторы бойынша БҒИ рейтингісіндегі айқындама | ДЭФ есебі | орын | - | 35 | 34 | 33 | 32 | 31 | 30 |

1.3.1-міндет. Пайдаланушылардың статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді жақсарту

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2012 жыл (есеп) | 2013 жыл (жоспар) | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Агенттіктің интернет-ресурсына статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың кіру санын арттыру | Интернет ресурс | бірл. | 596 987 | 800 000 | 1000 000 | 1100 000 | 1200 000 | 1300 000 | 140 |
| 2 | Ресми статистикалық ақпараттың ашықтығы мен жалпыға қолжетімділігіне бағытталған, өткізілген іс-шаралардың саны | Баспасөз хабарламасы, хаттама | бірл. | | 15 | 31 | 20 | 20 | 20 | 20 |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша өткізілген іс-шаралар саны | «АЕО» РМК есебі | бірл. | | | 32 | 32 | 32 | 32 | 32 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мер | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Статистикалық ақпаратты интернет-ресурс арқылы таратуды кеңейту | Х | Х | | | |
| 2 | Талдамалық зерттеулер жүргізу арқылы деректерді таратуды жетілдіру | | Х | | | |
| 3 | Агенттік төрағасының қатысуымен брифинг өткізу | Х | Х | Х | Х | Х |
| 4 | ИСО 9001 стандарты талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растау және дамыту бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу (орталық аппарат және аумақтық органдар) | Х | Х | Х | Х | Х |
| 5 | ИСО 9001 стандарты талаптарына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу (орталық аппарат және аумақтық органдар) | Х | Х | Х | Х | Х |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы статистикалық ақпаратты қалыптастыру | X | X | X | X | X |
| 7 | Ашық есік күндерін және интернет-конференциялар өткізу | X | X | X | X | X |
| 8 | Мемлекеттік статистика сұрақтары бойынша семинарлар, құқықтық түсіндіру жұмыстарын, соның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша жұмыстар жүргізу | X | X | X | X | X |

## 1.3.2-міндет. Санақ өткізу арқылы ағымдағы статистиканы жандандыру

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2012 жыл | 2013 жыл | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Ауыл шаруашылығының ағымдағы статистикасын жетілдіру үшін базалық шама ретінде қолданылатын ауыл шаруашылығының негізгі сипаттамалары бойынша ауыл шаруашылығы санағының қорытынды деректері | Өзектенді рілген статистикалық деректер | бірл. | | | | | | | 1 |
| 2 | Пилоттық санақ қорытындысы бойынша 2020 жылы қарай 2020 раундының Халық және Тұрғын үй қорының негізгі санағына әдіснамалық ұсынымдар | ұсынымдар | бірл. | | | | | | | 1 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мер | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 20 жы |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Қазақстан Республикасында екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы нормативтік құжатты әзірлеу | | X | | | |
| 2 | 2015-2018 жылдарға Қазақстан Республикасында екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу | | X | | | |
| 3 | Екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізудің бірінші және екінші кезеңдерін жүргізу | | | X | X | |
| 4 | Екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағының қорытындысы бойынша статистикалық жинақтар шығару | | | | | X |
| 5 | Ауыл шаруашылығы санағының деректер қорының негізінде Ауылшаруашылығы тіркелімінің деректерін өзекті ету | | | | | X |
| 6 | Екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | | | | | X |
| 7 | 2020 раундының Х және ТҚС өткізуге тәсілдерді және 2020 Х және ТҚС өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу | X | X | X | | |
| 8 | 2020 Х және ТҚС тәсілдерін дайындау және Халық санағы бағдарламасын әзірлеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құру | | | | X | |
| 9 | 2020 пилоттық және негізгі Х және ТҚС құралдарын, сонымен қатар 2020 Х және ТҚС санақ деректерін енгізу және өңдеу үшін бағдарламалық өнімдерді әзірлеу | | | X | X | X |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 2020 Х және ТҚС құралдарын, сонымен қатар 2020 Х және ТҚС деректерін енгізу мен өңдеу үшін бағдарламалық өнімдерді апробациялау (пилоттық халық санағы) | | | | | Х |

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

| Мемлекеттің стратегиялық бағыттары мен мақсаттары | Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың ата |
|---|---|
| 1 стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту<br>1.1-мақсат. Экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру<br>1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету<br>1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту | Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғ ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақс Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары |

# 4-бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

| Стратегиялық бағыттың атауы, мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттері | Стратегиялық бағытты іске асыру жөніндегі іс-шаралар және мемлекеттік органның мақсаты | Іске асыру кезеңі |
|---|---|---|
| 1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын арттыру<br>1.1-мақсат. Экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру<br>1.1.1-міндет Статистикалық әдіснаманы және құралдарды жетілдіру<br>1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету<br>1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1) Агенттіктің құзыретіне кіретін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және өзектілендіру | тұрақты |
| | 2) Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау (40 адамнан кем емес) | жыл сайын |
| | 3) Қазақстан Республикасында статистика саласындағы халықаралық семинарлар өткізу | жыл сайын |
| | 4) Қызметкерлердің статистика саласында халықаралық семинарларға қатысуы | жыл сайын |
| | 5) Қызметкерлердің шетелдік статистикалық серіктестіктермен тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуы | жыл сайын |
| | 6) Шешім қабылдау деңгейіндегі биліктегі әйелдердің үлесін кемінде 30 % ұлғайту | тұрақты |
| | 7) Адами ресурстарды басқарудың ең үздік қағидаттары мен әдістері негізінде кадр қызметінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету | тұрақты |
| | 8) Ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту | тұрақты |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін д а м ы т у<br>1.3.1-міндет. Пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етілуді жақсарту<br>1.3.2-міндет. Санақ өткізу арқылы ағымдағы статистиканы өзектендіру | 9) Сапа менеджменті жүйесінің ИСО 9001 стандарты талаптарына сәйкестігін растау | жыл сайын |
| | 10) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | тұрақты |
| | 11) Қазақстанның статистикалық әлеуетін нығайту бойынша Дүниежүзілік Банкімен жобаны іске асыру | жыл сайын |
| | 12) Халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл | тұрақты |
| | 13) Агенттіктің материалдық-техникалық қорын жаңарту | қажет болған жағ |
| | 14) Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, еске алу күндеріне және басқа да қоғамдық маңызды оқиғаларға арналған іс- шараларды дайындау және өткізу кезінде Қазақстанның ел бірлігі доктринасының басты қағидаттарын пайдалануды қамтамасыз ету. | тұрақты |

# 5-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

| Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттердің көрсеткіштері | Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган | Ведомствоаралық байланыстарды ор үшін болжанатын шаралар |
|---|---|---|
| 1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын арттыру | | |
| 1.2. мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | | |
| 1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | | |
| Деректермен электрондық алмасу үшін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау және өзара іс-қимылды іске асыру | Орталық мемлекеттік органдар | 1. Агенттіктің ақпараттық жүйел мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерімен интеграц<br>2. Мемлекеттік органдармен декрект электрондық алмасу |

# 6-бөлім. Тәуекелдерді басқару

| Ықтимал тәуекелдің атауы | Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қолданбаған жағдайда ықтимал салдарлары | Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шарал |
|---|---|---|
| Сыртқы тәуекелдер | | |
| Статистикалық деректерді түзу үшін Агенттіктің басқа мемлекеттік органдармен жеткіліксіз өзара іс-қимылы | Статистикалық көрсеткіштерді түзудің негізі ретінде әкімшілік деректерді және мемлекеттік деректер қорын жеткіліксіз пайдалану | 1. Агенттіктің ақпараттық жүйел мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерімен интеграц<br>2. Мемлекеттік органдармен декрект электрондық алмасу |

| | | |
|---|---|---|
| Ішкі тәуекелдер | | |
| Кадрлық тәуекелдер, соның ішінде кәсіби тапшылық | Агенттіктің қызметкерлері кәсіптілігінің және тиісінше статистикалық деректері сапасының төмен деңгейі | 1. Қызметкерлердің кәсібилілік деңг<br>жоғарылату үшін жүйелік тренингтер<br>2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру<br>шетелдік статистикалық офистерімен<br>халықаралық ұйымдармен тәжірибе алм |

# 7-бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

## 7.1. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 7.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 540 қаулысымен.

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статисти<br>реттеу жөніндегі қызметтер» | |
| Сипаттамасы | Мемлекеттік статистиканы салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсет | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру<br>одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | жеке |
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат<br>кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201<br>жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері:<br>Жаңа статистикалық байқауларды енгізу | бірл. | 1 | 5 | 2 | 2 | 1 | 1 | - |
| Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа статистикалық көрсеткіштер алу | бірл. | 35 | 22 | 10 | 10 | 2 | 8 | 3 |
| Агенттіктің интернет-ресурсында статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың кіру санын арттыру | бірл. | 596 987 | 800 000 | 1000 000 | 1100 000 | 1200 000 | 1300 000 | 140 |
| Статистикалық нысандардың электрондық форматта жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Статистикалық есептілік нысандары (өсу ретімен), бірл. | - | - | 130 | 134 | - | - | - |
| Деректермен алмасу үшін Агенттіктің ақпараттық | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жүйелерінің басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен электрондық өзара іс-қимылын және интеграциялануын іске асыру | бірл. (жоспарлы кезеңнен бастап өсу ретімен) | - | - | 10 | 12 | 14 | 16 | 18 |
| Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің штат санын ұстау | бірл. | 3 170 | 2 892 | 2 892 | 2 892 | 2 892 | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Алдын-ала және есепті деректер бойынша ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 4,5 | 4 | 3,5 | 3,0 | 2,8 | 2,6 | 2,4 |
| Әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 4,5 | 4 | 3,5 | 3,0 | 2,8 | 2,6 | 2,4 |
| Әкімшілік дереккөздермен өзара іс-қимыл үдерістерін автоматтандыру деңгейі | % | - | - | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Тиімділік көрсеткіштері: Штат санының бір бірлігін ұстауға жұмсалатын орташа шығындар | мың теңге | 1 672 | 2 050 | 2 135 | 2 143 | 2 143 | 2 143 | 2 14 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 5 301 231 | 5 927 692 | 6 174 418 | 6 197 093 | 6 197 093 | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер» | |
| Сипаттамасы | Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсету | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | бірл. | 194 | 199 | 167 | 167 | 167 | | 167 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері статистикалық байқауларды өткізу | | | | | | | 167 | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Статистикалық көрсеткіштерді өңдеу | бірл | 4002 | 4100 | 4200 | 4300 | 4300 | 4300 | 430 |
| Бір байқауды жүргізудің орташа құны | мың теңге | 2 529 | 2 540 | 4 585 | 4 585 | 4 585 | 4 585 | 4 58 |
| Тиімділік көрсеткіштері 1 көрсеткішті өңдеуге кететін орташа шығын | мың теңге | 163 | 185 | 192 | 187 | 187 | 187 | 187 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 1 259 741 | 1 380 241 | 1 693 200 | 1 693 200 | 1 693 200 | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» | |
| Сипаттамасы | Мемлекеттік статистика әдіснамасын жетілдіру бойынша талдамалық және ғылыми зертт өткізу | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді және талдамалық жұмыстарды жүргізу | бірл. | | | | | | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді және талдамалық жұмыстарды жүргізу саны | бірл. | | | | | | | |
| Тиімділік көрсеткіштері: Бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер мен талдамалық жұмыстарды жүргізудің орташа шығындары | мың теңге | 950 | | | | | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 950 | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 006 «Ұлттық санақ өткізу» |
| | Халық санағының өткізілуін қамтамасыз ету және барлық санаттар бойынша деректер оларды жынысы мен жасына, неке жағдайына, ұлттық құрамына, білім деңгейіне |

| | | |
|---|---|---|
| Сипаттамасы | шаруашылығының саны мен көлеміне, тілдерді меңгеру дәрежесіне, жұмыспен қамтыл қарай, көші-қоны және басқалары бойынша бөлу. Ұлттық халық санағының алға құжаттамасын санақ мүкәммалында сақтау үшін облыстарда үй-жайларды жалға алу. | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша статистикалық жинақтарды шығару | Сериялар, бірл. | | | | | | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша талдамалық есепті дайындау | % | | | | | | | |
| Тиімділік көрсеткіштері Қаражат игеру деңгейі | % | 100 | | | | | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 1 180 | | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 007 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары» | |
| Сипаттамасы | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайларын және имараттарын күрделі жө ҚР Статистика агенттігін материалдық-техникалық жабдықтау. | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Күрделі шығыстарды іске асыру |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері Аумақтық статистика органдарының ғимараттарына, үй-жайлары мен имараттарына күрделі жөндеу жүргізу | бірл. | 2 | 7 | 3 | 3 | 3 | | |
| Орталық аппарат пен оның аумақтық органдары үшін | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| есептеуіш техниканы, жабдықтарды, жиһаз, көлік және материалдық емес активтерді сатып алу | бірл. | 11 948 | 52 | 439 | 439 | 439 | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Ғимараттарды, үй-жайлар мен имараттарды жөндеумен қамтамасыз ету | бірл. | 2 | 7 | 3 | 3 | 3 | | |
| Техникалық, коммуникациялық, есептеуіш және өзге де жабдықтарды сатып алу және жаңарту | жабдықтардың жоспарланған бірлік санына %-бен | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| Тиімділік көрсеткіштері: Жоспарланған бірлік санының шегінде материалдық-техникалық базаны жақсарту, соның ішінде Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің әкімшілік ғимараттарын, үй-жайлары мен имараттарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстардың жоспарланған көлемін аяқтау | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 636 882 | 264 704 | 102 793 | 102 793 | 102 793 | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер» | |
| Сипаттамасы | Статистикалық деректерді тарату жөнінде қызмет көрсету | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Статистикалық жинақтар шығару | бірл. (кезеңділікті ескерумен) | 70 | 70 | 71 | 71 | 71 | 71 | 71 |
| Сапа менеджменті жүйесінің ИСО 9001 стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау саны | бірл. | | 18 | 18 | 18 | 18 | 18 | 18 |
| Ресми статистикалық ақпараттың айқындылығы мен жалпыға қолжетімділігіне бағытталып жүргізілген іс-шаралар саны | бірл. | | 15 | 31 | 20 | 20 | 20 | 20 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейі | сұралған респондеттердің жалпы санынан % | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 | 80 |
| Тиімділік көрсеткіштері Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес статистикалық ақпаратты уақтылы тарату. | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 77 817 | 69 035 | 53 886 | 93 428 | 93 428 | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту» | |
| Сипаттамасы | Ақпараттық жүйені құру | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | ағымдағы/даму | Даму |

| Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Статистикалық нысандардың электрондық форматта жұмыс істеуін қамтамасыз ету | статистикалық есептілік нысандары ( өсу ретімен) бірл. | 120 | 125 | | | | | |
| Басқа мемлекеттік органдардың АЖ-сымен деректерді электрондық алмасу үшін интеграциялау және өзара іс-қимылды іске асыру | бірл. (жоспарлы кезеңнен бастап өсу ретімен) | 3 | 5 | | | | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Әкімшілік дереккөздермен өзара іс-қимыл үдерістерін автоматтандыру деңгейі | % | 91 | 95 | | | | | |
| Тиімділік көрсеткіштері: Ақпараттық жүйені әзірлеу мен енгізудің орташа құны | мың теңге | 376 678 | 76 060 | | | | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 894 918 | 551 624 | | | | | |

| | |
|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 012 «Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту» |
| Сипаттамасы | Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге а және одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрс |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ағымдағы/даму | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті жыл | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланат кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Ірі кәсіпорындар, сондай-ақ орта және кіші бизнес ұсынатын статистикалық нысандар санын төмендету | % есептердің жалпы санынан (өсу ретімен) | | 9 | 11 | 13 | 15 | 15 | 15 |
| Жоба соңында кәсіпорындардың статистикалық есептілік нысандарын толтыруға жұмсайтын уақытын қысқарту | минут | | 84 | 75 | 66 | 57 | 48 | 48 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Ұлттық статистика жүйесін нығайту бойынша жобаның іске асыру дәрежесі | Істелген жұмыстың % | 6 | 39 | 73 | 95 | 100 | - | - |
| Тиімділік көрсеткіштері: Әзірленген және жаңартылған әдістемелер саны | бірл. (өсу ретімен) | - | 5 | 15 | 30 | 53 | - | - |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 312 534 | 539 941 | 1 416 204 | 484 247 | 410 509 | | |

## 7.2. Бюджеттік шығыстардың жиыны

Ескерту. 7.2-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 540 қаулысымен.

| Көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | | Жобаланаты жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл ( есеп) | 2013 жыл ( жоспар) | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл |
| Бюджеттік шығыстардың БАРЛЫҒЫ | мың теңге | 8 485 253 | 8 733 237 | 9 440 501 | 8 570 761 | 8 497 023 | | |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | мың теңге | 7 590 335 | 8 181 613 | 9 440 501 | 8 570 761 | 8 497 023 | | |
| 001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер» | мың теңге | 5 301 231 | 5 927 692 | 6 174 418 | 6 197 093 | 6 197 093 | | |
| 002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер» | мың теңге | 1 259 741 | 1 380 241 | 1 693 200 | 1 693 200 | 1 693 200 | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» | мың теңге | 950 | | | | | | |
| 006 «Ұлттық санақ өткізу» | мың теңге | 1 180 | | | | | | |
| 007 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары» | мың теңге | 636 882 | 264 704 | 102 793 | 102 793 | 102 793 | | |
| 009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер» | мың теңге | 77 817 | 69 035 | 53 886 | 93 428 | 93 428 | | |
| 012 «Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту» | мың теңге | 312 534 | 539 941 | 1 416 204 | 484 247 | 410 509 | | |
| Бюджеттік даму бағдарламалары | мың теңге | 894 918 | 551 624 | | | | | |
| 011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту» | мың теңге | 894 918 | 551 624 | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК